

"Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдаудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 411 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 147 бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Жол полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері фактілері бойынша азаматтардың шағымдарын қабылдаудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 411 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 8 маусымда N 1540 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 25, 429 - қ ұ ж а т) .

2. Осы бұйрық ішкі істер органдары жеке құрамының назарына жеткізілсін.

3. Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті:

1) осы бұйрықты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінен алып тастау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Баймағанбетов